



ТАҒМЕН ТАЛАСА
АТТАНҒАН...

4-БЕТ | ТАЗА ҚАЗАҚСТАН



КҮШ ПЕН ҚАУІП
СИМВОЛЫ – ЧИП

5-БЕТ | ШАРТАРАП



АССАМБЛЕЯҒА
АРНАЛҒАН

16-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Таза Қазақстан» айналаны тазалаумен немесе сенбілікке шығумен шектелмейді. Оның ауқымы және мағынасы өте кең. Тазалық дегеніміз – ең алдымен, ішкі мәдениеттің өлшемі. Еліміздегі әр азаматтың жаны таза, қолы мен ісі таза болса, шын мәнінде, озық ойлы ұлтқа айналамыз.

№44
(4788)
Бейсенбі
17 сәуір
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАТЫР БАБАҒА ТАҒЗЫМ!

Елордада Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өтіп жатқан патриоттық айлық аясында №80 мектеп-гимназияның оқушылары Бауыржан Момышұлы ескерткіші жанында «Тұлғасы тұнған тәлім, ерлігі елге мәлім Бауыржан атаға тағзым» атты патриоттық іс-шарасын ұйымдастырды. Мектептің 80 оқушысы батыр ескерткішіне 80 гүл шоғын қойды. Еске сала кетейік, Астанада Жеңістің 80 жылдығына арналған патриоттық іс-шаралар күн сайын өтуде.



УАҚЫТША ШЕКТЕУЛЕР ЕНГІЗІЛЕДІ

22 сәуір-7 мамыр аралығында бас қалада әскери авиацияның жаттығу ұшуларына байланысты әуе кеңістігін пайдалануға уақытша шектеулер қойылады.

«Қорғаныс министрлігінің ақпаратына сәйкес, елордада 22 сәуір-7 мамыр аралығында сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін әскери парадты дайындауға және өткізуге байланысты әскери авиацияның оқу-жаттығу ұшуын орындау үшін Астана қаласының әуе кеңістігін пайдалануға қысқа мерзімді шектеулер енгізіледі» делінген Көлік министрлігінің хабарламасында.

Осыған байланысты жолаушылардан сапарын жоспарлау кезінде шектеулерді ескеруді, сондай-ақ әуе компания мен әуежайдың ақпарат қызметтерінен рейс күйін алдын ала тексеріп алуды сұрайды. Астана әуежайы бойынша ақпарат алу телефондары: +7 (7172) 70-29-99; 58-44-77; қосымша тел.: +7-702-702-44-77, +7-705-927-44-77.



Бас қалада Astana Bike велосипедті жалға алудың жаңа маусымы ашылды.

Қазір қала бойынша барлығы 136 станция және 700-ге жуық велосипед бар. Станциялардың орналасқан жерін velobike.kz сайтынан көруге болады. Қосылуына қарай белсенді велостанциялар көк түспен боялады. «Велосипедтерді пайдалану үшін velobike.kz сайтына тіркелу қажет. Сондай-ақ сайтта велостанцияларды қарауға, абонементтерді сатып алуға және веложалдау бойынша қажетті ақпаратты білуге болады»

делінген City Transportation Systems ЖШС хабарламасында. Веложалдау пайдаланушыларының жеңілдетілген санаты үшін маусымдық және тоқсандық абонементтерге 50% жеңілдік қарастырылған. Ол үшін velobike.kz сайтындағы жеке кабинетте жеңілдікті растайтын зейнетақы куәлігін немесе оқу орнынан анықтаманы (студенттер үшін) тіркеу керек. Жалға беру жүйесі 24/7 қолжетімді.

АСТАНАЛЫҚ ОҚУШЫ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Қырғызстан мен Қазақстан елдерінің ең үздік шахматшылары қатысқан Орталық Азия біріншілігінде Астана қаласының Т.Жүргенов атындағы №70 мектеп-лицейдің 10-сынып оқушысы Алдияр Аңсат абсолютті жеңімпаз атанды.

Алматыда өткен жарыста астаналық шахматшы барлық қарсыласынан басым түсті. Дарынды оқушы енді Нью-Делиде өтетін әлем чемпионатында Орталық Азияның намысын қорғайды. Жас чемпион бұған дейін де бірнеше мәрте жасөспірімдер арасындағы Азия және әлем чемпионаттарында жүлделі орындарды иеленген.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 586.33 \$ USD/KZT 516.91 ₸ RUB/KZT 6.3 ¥ CNY/KZT 70.66

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ДАҒДАРЫС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КЕЗЕҢІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің жұмыс отырысы өтті. Жиында тарифтік қақтығыстар салдарынан әлемдік нарықтағы жағдайдың өзгеруіне байланысты еліміздің іс-қимыл жоспары талқыланды.

Премьер-министр Олжас Бектеновтің, Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің, сондай-ақ басқа да құзыретті органдар басшыларының баяндамалары тыңдалды.

Президент қазіргі жаһандық экономикадағы ахуалдың тұрақсыз сипат ала бастағанын, сондықтан кез келген жағдайға дайын болу қажет екенін атап өтті. Кеңес отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы жұмыстың негізгі бағыттарын айқындады.

«Үкіметтің міндеті – халықтың әл-ауқатын, эко-

номикалық өсім қарқынын және тартылатын инвестиция көлемін төмендетуге жол бермеу» деді Мемлекет басшысы.

Президент әлемдік деңгейдегі дағдарыстар әрдайым сын-қатерге толы болғанымен, дамудың жаңа көкжиегін ашатынын да айтты. Мемлекет басшысы Қазақстанның экономикалық, көлік-логистикалық және адами әлеуетін нығайтуға ықпал ететін нақты стратегиялық бағыттарды атады.

Ірі инфрақұрылымдық жобалар мен цифрландыру жоспа-

ры еліміздің экономикалық саясатының басты бағыттары болып қала береді.

«Халық алдындағы негізгі әлеуметтік міндеттемелердің бәрін орындауға және маңызды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды жалғастыруға тиіспіз» деді Президент.

Мемлекеттің қаржылық тұрақтылығын сақтау мен ақша-несие саясатын іске асыру тетіктерін жетілдіруге ерекше назар аударылды. Жиын соңында Президент мемлекеттік органдарға бірқатар нақты тапсырма берді.

ТҰЖЫРЫМДАМА БАҒЫТТАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаевтың төрағалығымен Үкімет жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі комиссияның отырысы өтті. Іс-шараға Парламент депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың басшылары, сондай-ақ тіл білімі саласындағы жетекші ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Отырыс барысында 2023-2029 жылдарға арналған Тіл саясаты тұжырымдамасын іске асырудың негізгі бағыттары талқыланды. Әсіресе мемлекеттік тілдің ұлт бірегейлігінің іргетасы және дамудың стратегиялық ресурсы ретіндегі рөлін нығайту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек тіл

дамыту, білім беру әдістемелерін жетілдіру және мемлекеттік тілдегі сапалы контенттің санын арттыру мәселелері қозғалды. Цифрлық бастамаларды енгізу жұмыстарына: қазақ тіліндегі KazLLM жасанды интеллектіні әзірлеу, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған экран дикторын жасау, сондай-ақ «Қазақ тілінің ұлттық сөздік

комиссияның 2025 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді. Ермек Көшербаев алдағы жұмыстың басым бағыттарын атап өтіп, тілдік ортаны жүйелі жаңғыртуға, цифрлық дәуірдің сын-қатерін ескере отырып, нормативтік-құқықтық базаны бейімдеуге күш салуды тапсырды. Қабылданған шараларды іске асыру ұлттың тілдік капиталын



саясатының тұжырымдамалық міндеттерін іске асыру барысы туралы баяндады. Атап айтқанда, қазақ тілін ғылым тілі ретінде

қоры» мемлекеттік ақпараттық жүйесін іске қосуға баса назар аударылды.

Отырыс қорытындысында

нығайтуға және қазақ тілінің жаңа технологиялық жағдайда орнықты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Орталық Азия медиакеністігі: өсу мен ынтымақтастықтың жаңа тұстары» тақырыбына арналған биылғы форумның панельдік сессияларында Орталық Азия мемлекеттерінің БАҚ арасындағы жаңа өсу нүктелері мен ынтымақтастығы, болашақтың ақпараттық ландшафтының қалыптасуы, жасанды интеллект пен үлкен деректер дәуіріндегі БАҚ-тың цифрлық трансформациясы, сондай-ақ елдің имиджін ілгерілетудегі әлеуметтік желілердің рөлі талқыланды. Жиынды сөз сөйлеп ашқан ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева форумның басты міндеттерінің бірі ортақ медиа кеңістіктегі ағымдағы жағдайды талдау, Орталық Азиядағы ақпараттық ынтымақтастықты одан әрі нығайту бойынша бірлескен іс-қимылдарды талқылау және әзірлеу екенін атап өтті.

– Бұл форум өзекті мәселелерді ашық талқылап қана қоймай, аймақтағы бірлескен ақпараттық жұмыстың ортақ тәсілдерін әзірлей алатын бірегей алаңға айналды. Орталық Азия қазіргі уақытта Еуропа мен Азия арасындағы сенімді көпір әрі транзиттік хаб ретінде ғана емес, зор инвестициялық, сауда-экономикалық, туристік және мәдени-гуманитарлық әлеуеті бар ауқымды орталық ретінде қарастырылады, – деді министр сөзінде.

БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАР ЖАСАЛАДЫ

Орталық Азия елдерінің медиа саласындағы ынтымақтастығы да жоспарлы түрде жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Мәселен, Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Өзбекстанның Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігі арасында 2025 жылға дейінгі өзара іс-қимыл жоспарына қол қойылды.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕДИА КЕҢІСТІГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ КӨТЕРІЛДІ

Кеше Астанада II Орталық Азия медиа форумы басталды. Екі күнге созылатын халықаралық іс-шараға қатысу үшін елордаға Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Ресей, Ұлыбритания, Қытай және тағы басқа елдердің үздік медиа сарапшылары келді. Форумға 700-ден астам адам мен 30-дан астам спикер қатысуда. Олардың арасында әлемдік медианың белді өкілдері, Пулитцер сыйлығының иегерлері, халықаралық және жергілікті БАҚ өкілдері, инфлюенсерлер бар.



Жоспар медиаконтент алмасуды, журналистерге арналған тренингтер мен семинарлар өткізуді, баспасөз хатшыларының білігін арттыруды, жас мамандарды қолдауды және жалған ақпаратпен бірлесіп күресуді қамтиды. Сондай-ақ тараптар тәжірибе алмасу және кәсіби байланыстарды дамыту мақсатымен екі елдің журналистері үшін баспасөз турларын ұйымдастыру туралы шешім қабылдады.

Бірлескен медиажобалар жасауда Қазақстан мен Өзбекстан бірлесіп шығарған «Қорқыт ата» тарихи телесериалын, Қырғызстанмен бірлескен «Қос қанат»

телекөпірін, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған «Заковат» зияткерлік ойынын атап өтуге болады. Осындай тәжірибені өңірдің ортақ тарихи тұлғаларына, мәдени мұрасына, туристік мүмкіндіктері мен қазіргі заманғы жетістіктеріне арналған жаңа бірлескен медиажобаларды жасау арқылы кеңейте түсуге мән беріледі.

ОРТАҚ ТЕЛЕАРНА ҚҰРЫЛА МА?

Қазақстан Орталық Азия-

ның ортақ телеарнасын құру және аймақтың әлеуеті, осы аумақта тұратын халықтардың достығы мен бірлігі туралы хабардар ететін тележобаларды, сондай-ақ біздің халықтарымыздың тарихы мен ерекшелігі туралы танымдық теле-радио бағдарламалар топтамасын дайындау идеясын қолдайды. Қазіргі уақытта Орталық Азия елдері өңірдегі ақпараттық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірлескен телеарна мен өңірлік медиалатформаны іске қосу мүмкіндігін қарастыру үстінде.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТПЕН БІРГЕ КҮРЕСЕДІ

Форумда ақпарат қауіпсіздігіне қатысты бірқатар мәселе көтерілді. Қазақстан тарапы жалған ақпаратқа қарсы бірлескен жұмыс жүргізуді ұсынды. Масс-медианы дамытуда соңғы трендтерді ескере отырып, Орталық Азияның барлық елі үшін ортақ проблемалардың бірі – әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде анық емес ақпаратты, әртүрлі жалған ақпаратпен арандатушылық сипаттағы хабарламаларды тарату. Фейктерге қарсы күресте «Stopfake.kz» қазақстандық жобасы сәтті жұмыс істеп келеді.

– Онлайн-платформалардың әкімшіліктерімен пәрменді өзара іс-қимыл орнату бойынша туралы негізде шаралар қабылдап келеміз. Осыған дейін істелген жұмыстардың арқасында қазір Қазақстанда Facebook, Instagram, ВКонтакте, Одноклассники, TikTok, Mail.ru және басқа сервис-тердің өкілдері айқындалды. Сондай-ақ Қазақстан заңсыз контент (кибербуллинг, алаяқтық, экстремизм, порнография) пен жалған ақпаратты таратуға қарсы күресте айтарлықтай прогреске қол жеткізді. Бұл бағыттағы маңызды жетістіктерге кәметке толмағандарды цифрлық кеңістікте қорғауда қол жеткізді, – деді Аида Балаева Орталық Азия медиа форумында.

МАҢЫЗДЫ ҰСЫНЫСТАР АЙТЫЛДЫ

Форумда Қазақстан тарапынан бірқатар ұсыныс берілді. Атап айтқанда, өзара тәжірибе алмасу және сала маманда-

рының білігін арттыру үшін өңірлік форумдар, семинарлар, тренингтер, шеберлік кластарын, баспасөз турларын өткізу ұсынылды. Қазақстан осындай іс-шараларды ұйымдастыруға арналған алаңдарды ұсынуға дайын.

– Осы орайда келесі бастамаларды талқылауды ұсынамын: елдердің ғылыми және білім беру әлеуетін біріктіре отырып, Орталық Азия журналистика академиясын құру; жастардың дарынды өкілдері үшін шығармашылық орталығы болуды көздейтін Орталық Азия креативті хабын құру; үздік жұмыстарды атап өтуге және лайықты журналистер мен контентмейкерлердің еңбегін тануға мүмкіндік беретін журналистика саласындағы Орталық Азия сыйлығын тағайындау; «Біздің адамдар» тележобасын іске қосу, ол арқылы біз бір-бірімізге қоғамымыздың ең лайықты өкілдері, тұратын еліне және қарым-қатынас тіліне қарамастан, жастарды шабыттандыратын және оларға өнеге болатын тұлғалар туралы әңгімелейміз; Наурызға арналған телекөпір ұйымдастыру біздің елдерімізге осы ортақ мереке күндері біріге түсуге мүмкіндік береді; бауырлас елдеріміздің телеарналары үшін телеөнімдерді қолжетімді ету, сериалдар және өзге де өнімдер үшін ең төменгі төлемді белгілеу немесе оны мүлдем алып тастау; бірлескен туризм мен инвестицияны танымал етуге бағытталған бірлескен контенттің көлемін ұлғайту; осы жылдың қысында «Мипком» (MIPCOM) телеөнімдерінің ең танымал көрмесінде «Central Asia» брендімен бірыңғай алаң ұсыну; телеарналар Орталық Азия елдеріндегі әріптестерінің өтінімі бойынша түсірілімдерді өтеусіз негізде жүзеге асыратын алаң құру, бұл шетелдік тілшілер пункттерін ұстауға арналған шығыстарды азайтуға мүмкіндік береді, – деді министр.

СПОРТ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ



Елордалық халық қалаулылары бірқатар спорт нысанын аралады. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Ревизиялық комиссияның көшпелі отырысы аясында Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты бірқатар мекемеге барып қайттық. «Жеңіс» спорт кешені, «Дәулет» және Пригородный тұрғын алабындағы «Аспан» спорт орталығында ұжымдардың еңбек жағдайымен және жас спортшылардың жаттығу барысымен таныстық» деп жазды Табиғат Зейнұлқабден.

«Дәулет» теннис орталығында 53 топ жұмыс істейді. Оның ішінде 1 инклюзивті топ ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған. Жалпы саны – 569 бала.

«Көшпелі жиын қорытындысында спорт саласындағы бірқатар түйткілді мәселе талқыланып, жастарды спортқа тарту бағытында нақты ұсыныстар айтылды» дейді мәслихат төрағасы.

БАТЫР ЕРЛІГІ БАЯНДАЛДЫ

Астанада Сәкен Сейфуллин музейінде Ұлы Отан соғысының батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына орай «Әлияның ерлігін есте сақтаймыз» тақырыбында дәріс өтті.

Астана қаласы әкімдігінің «Бірлескен мұражайлар дирекциясы» және Сәкен Сейфуллин музейі құрылымдық бөлімшесі ұйымдастырған іс-шараға №3 мектеп-гимназия оқушылары қатысып, батырдың қысқа ғұмырында жасаған ерен ерлігімен танысты.

«Іс-шарамыздың мақсаты – жас ұр-

паққа патриоттық тәрбие беру, Отан үшін жанын қиған батыр қыздың өмір жолы мен ерлігін насихаттау, өнегелі істерін үлгі ете отырып, елге, жерге деген сүйіспеншілікті арттыру. Бұл дәрісте Әлия Молдағұлованың майдандағы фотосуреттері мен мәліметтерден қамтылған слайдтар көрсетілді. Батыр

қыздың небәрі бір жыл, 1943-1944 жылдары майданға қатысқан қысқа өмірі туралы айтылады. Сондай-ақ батырдың туып-өскен жері, оқыған орны туралы балаларға кеңінен мағлұмат беріледі» деді музейдің тарихи-мәдени мұра және экскурсия-көрме жұмысы бөлімінің басшысы Қарлығаш Жұмаханова.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Елорданың Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясында «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты ардагерлер мен оқушылардың кездесуі өтті.



Индира БЕРЖАНОВА

Мерекелік іс-шараға Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында қызмет алатын зейнеткерлер, Байқоңыр ауданы әкімі аппаратының және Ардагерлер кеңесінің мүшелері қатысты.

Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған кездесу өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге, қазақ батырларының ерлігіне құрметпен қарауға және оқушыларға Ұлы Жеңістің тарихи маңызын жаңаша түсінуге мүмкіндік береді.

«Өмір сүре білудің қадірін бір білсе, бейбіт күнде соғыс отын көріп келген осы жандар білер. Сондықтан кешегі



майдангер, бүгінгі ардагерлеріміздің әрбір сөзі, әрбір іс-әрекеті – кейінгі ұрпаққа өнеге» деді Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркетаев.

Ұрпақтар сабақтастығы тақырыбында өткен дөңгелек үстелде сөз сөйлеген елорданың Байқоңыр ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қуаныш Намазшамұлы жас ұрпаққа отаншылдық, адамгершілік, білімпаздық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттерді бәрінен биік қоятын ардагерлердің жолы үлгі екенін атап өтті.

Жиын барысында мектеп оқушылары сахналық қойылымдарын ортаға салып, ардагерлердің алдында үлкен ынтымамен өнер көрсетті.

ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ

3

Астана балабақшаларына STEM технологиясын енгізуге бағытталған семинар өтті. Жиынға қалалық Білім басқармасы мен Atameken кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысты.

STEM ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЕНГІЗІЛЕДІ

«Kidz n' Totz» жекеменшік балабақшасында өткен семинар атаналар мен педагогтарға STEM технологиясының маңызын түсіндіруге ғана емес, басқа да білім беру ұйымдарын жаңа тәжірибе енгізуге шақырды.

«Жарты жыл уақыт бойы балабақша педагогтары STEM технологиясын білім беру жүйесіне енгізу бойынша жүйелі жұмыс атқарды.

Балаларымыздың білім сапасын арттыруға бағытталған озық тәжірибе және идеялармен бөлісу – басты мақсатымыз» деді өз сөзінде балабақшалар желісінің құрылтайшысы Дәурен Жақсыгелдинов.

Іс-шара барысында өзге балабақша өкілдеріне тың жобаның тиімділігі мен нәтижелері туралы жан-жақты айтылып, қатысушылардың сұрақтарына жауап берілді.

ЖОЛ ИНСПЕКТОРЛАРЫ ТАҢДАЛАДЫ

Бас қаланың Байқоңыр ауданындағы мектептердің оқушылары арасында жас жол қозғалысы инспекторларының байқауы өтті. Онда үздік жас жол инспекторлары таңдалды.



Бағдарламада жеті номинация бар: әнмен жаттығулар, жас жол диспетчерлері, велошабандоздар, жол белгілерін білу және жол-көлік оқиғасы кезінде алғашқы медициналық көмек көрсете білу сынды жарыстары енген. Іс-шараның мақсаты балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу және өскелең ұрпаққа жолда жүру ережелерін үйрету екенін айтқан ұйымдастырушылар балалардың көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын меңгеруі, жол қозғалы-

сы ережелерін білуі және сақтауы керектігін атап өтті.

«Мектебімізде «Жол қозғалысының жас инспекторы» атты үйірме жұмыс істейді, онда балалар жол қозғалысы қауіпсіздігі дағдыларын, жол апаты кезінде туындауы мүмкін ерекше қауіпті жағдайда өзін-өзі дұрыс ұстауды үйренеді. Байқаудың жеңімпаздары ауданымыздың атынан қалалық деңгейде өнер көрсетеді» деді №55 орта мектептің алғашқы әскери-технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі Қайрат Тілегенов.

МОПЕД – КӨЛІК ҚҰРАЛЫ

5 сәуірден бастап мопедті заңды түрде басқару үшін А1, А немесе В санатындағы жүргізуші куәлігі болуы шарт. Жаңа өзгерістерге сәйкес, енді мопедтер ресми түрде механикалық көлік құралдарына теңестірілді.




14 сәуірдегі мәлімет бойынша Астанада 1341 мопед тіркелді, оның 253-і шеринг компанияларына тиесілі.

«Біз оң үрдісті байқап отырмыз. Бірақ әлі де болса талаптарды білмейтін немесе тіркеуді кейінге қалдырып жүрген азаматтар бар. Тіркеу міндетті екенін ескертеміз. Ол болмаған жағдайда заң аясында жауапкершілік қарастырылған» дейді

Астана қаласы Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Махамбет Төлешов.

Әкімшілік кодекске енгізілген өзгерістерге сәйкес, тіркелмеген көлікті басқару, жүргізуші куәлігінің немесе сақтандыру полисінің болмауы әкімшілік жауапкершілікке және айыппұлға әкеледі.

2 мыңға жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтыған дәл осы серіктестіктің Астана қаласындағы орны бөлек десек болар. Жаз туа салысымен желі мен жаңбыры көп елорданың қыстағы тіршілігі де белгілі ғой. Мұндайда шаңар тазалығын сақтауда шаршамайтын қызметкерлерді қалай мадақтасақ та жарасар. Расымен де, бір күнде қаладағы сан аймақты бірнеше тонна қоқыстан арылтан жандардың жұмысы былайғы жұртқа біліне бермейді. Бірақ әр маусымда көше сыпырып, қоқыс теріп, қар аршып, мұз оюмен жанталаса еңбек ететін осы азаматтардың адал жұмысы біздегі кейбір масылғат тым тәуір үлгі еді.



Сұлтан СЕЙІТ

ТАҢМЕН ТАЛАСА АТТАНҒАН...

Ержан ҚОЖАС

ҚОНАҒЫ КӨП ҚАЛАДА ҚАРЕКЕТ КӨП

Айтпағымыз – «Астана Тазалық» деген атауы бар үлкен ұжымның тыныс-тіршілігі. Ауа райының қытымыр уағында күшейтілген режимде жұмыс істейтін мекеменің таңғы 6-дан бастап жұмысқа кірісетінін кейіннен білдік.

Жалпы «Астана Тазалық» ЖШС тарихы 2008 жылдан басталады. Кейінгі 17 жылдан бері барлық маусымда өз жұмысын тек санитарлық-тазалық мәзасатында қалыптастырған серіктесік бұрын «Горкомхоз» деп аталған. Ал қазіргі коммуналдық кәсіпорын тазалық жұмысына қатысты міндеттерін жыл сайын күшейтіп, өз қызметкерлеріне қажетті техникалық көліктер мен жабдықтар жылда жаңартып келеді.

«Астана Тазалық» мекемесінде әйелім екеуіміз жұмыс істейміз. 10 жылға жуықтады. Басқаға қайдам, өзіміз мақтаныш қылатындай кәсіп бұл. Өйткені жылдың қай мезгілінде де қала тазалығына үлес қосып келеміз. Мекемеде жұмысшыларды тасымалдау көлігі бар. Кейбір қызметкерлерге тегін жол жүру билеті берілген. Өзім соны қолданамын. Жалпы біздің ұжымның елордадағы тазалық жұмысында ерекше орны бар ғой. Жұмысын дұрыс атқарумен қатар, қарамағындағы барлық қызметкердің жағдайын да назардан тыс қалдырған емес. Жалақы тұрақты, маусымдық киім мен тазалық құралдары уақытында беріліп тұр. Екі балам бар, осы жұмыс арқылы

өсірдік, жеткіздік. Немере де сүйіп отырмыз» деп ағынан жарылды жол жұмысшысы Мамыр Қалымбек.

Мамыр ағаның айтуынша, елорда тұрғындары тазалыққа әбден төселген. Бұрынғыдай емес, жастар да, ересектер де қоқыстың шашылып жатқанына бей-жай қараған емес.

ТҮРЛІ ҚЫЗМЕТІ БАР 400 ТЕХНИКА

«Астана Тазалық» кәсіпорнын-да 2 мыңға жуық адамнан бөлек, 400-ден астам түрлі техника бар. Бәрі тазалық жұмысына бейімделген. Тіпті өндірістен соған арнайылап шығарылғандары да жеткілікті. Яғни қыста қар итеруден бөлек, жаздығүні шаң басып, су себетін түрлі көлік сап түзеп тұр.

«Көлік жүргізгеніме біраз жыл болды. Дұрысы, 15 жылдан бері бұл салада еңбек етіп келемін. Басты міндет – қала жолдарының тазалығы. Ал оған қатысты арнайы техниканы жүргізу тіптен қызық. Мысалы, өзіңіз көргендей, ең алдымен, ортаңғы жолақпен арнайы техника су шашып өтеді. Ал мен жүргізетін көлікте орнатылған су шашу құрылғысы жуылған асфальт бетіндегі топырақ пен майда тастарды шетке қарай, яғни бордюрге дейін тақап жауады. Ал менен кейінгі жүретін көлікте арнайы шаңсорғыш орнатылған. Ол барлық жол жиегіндегі шаң мен майда тастарды жағалай жүріп «жұтып» алады. Жалпы мұндағы көліктер әр маусым сайын өзгеріп отырады. Қыста қар итеретін немесе сыпырғышпен жабдықталса, жаздығүні басқа тазалық құрылғылар орнаты-



лады» дейді жүргізуші Мұрат Ермембаев.

Ал серіктестіктің өндіріс-техника бөлімі басшысы Ержан Айтмаханұлының сөзінше, мекемеге Германия және Италия мемлекетінен қар тазарту жұмысына қажетті соңғы үлгідегі үлкен 10 техника алыныпты. Осындай жаңартудың арқасында қысқы мезгілде тұрғындардың қауіпсіздігі артқан.

«Кәсіпорынның бір міндеті – мекемені заманауи тазалық көліктерімен жаңғырту. Сондай-ақ қызметкерлерімізге әр маусым сайын арнайы киім мен құрал-сайман өз уақытында беріледі. Жол тазалау жұмысшылары мен көлік жүргізушілеріне бір мезгіл ыстық тамақты ұйымдастыруды қолға алдық. Сондай-ақ өткен жылы біздің тазалық мамандары шет мемлекеттерде болып, тәжірибе

алмасудан да өтіп келді. Жалпы өз қызметкерлеріміздің білігін арттыру мақсатында түрлі семинар, тренинг ұйымдастырып отырамыз» дейді Е.Айтмаханұлы. Мекеменің Алматы ауданы бойынша шебері Жеңіс Ермековтің айтуынша, мекеменің әр ауданда өзіне бекітілген көшелері мен көпірлері бар. Ал оның тазалығына асқан жауаптылық керек.

«Айталық, бүгін Алматы ауданындағы №40 аспалы көпір немесе Рақымжан Қошқарбаев көшелерін тазалау қажет болса, оған қажетті бір күн бұрын арнайы көлік тізімі беріледі. Яғни 5-6 арнайы жабдықталған «тазалықшы» машиналар таңмен таласа белгілі мекенжайға келіп, жұмысын бастайды. Жолға су себеді, жиекке жиналған құм аралас топырақ қажетті техникамен сорып алады. Қолмен

жуылатын нысандарға жол жұмысшылары көмектесіп, арнайы автоматты суатқышты да іске қосамыз. Қазір елордада құрылыстың басталған уақыты емес пе?! Оған қажетті тиісті материалдар, құм, бетон немесе басқа да материалдар тасымал кезінде жолды бүлдіретіні анық. Мұндай уақытта біздің қызметкерлерде де қарбалас көбейеді» дейді ол.

Серіктестіктің көлік жүргізушісі Дәулет Наурызбаев 20 жылдан бері түрлі техника жүргізеді. Көбіне жүк көліктерін тізгіндейді. Ол «мұндай үлкен қалада бір күн тазалықты тоқтату үлкен қателікке алып келетінін» айтады.

«Жалпы тазалық көліктерін жүргізу сырт жұртқа оңай көрінер. Бірақ мұның да өзіне тән ережесі бар. Арнайы оқыту курсынан сабақ алуға тиіссін.


Ал күнделікті жұмыста рульге отырмас үшін медицина тексерісінен өтесін. Одан соң механиктермен бірлесіп, сол күнгі жұмысқа көлігіңнің дайындығын тағы бір тексеріп алу керек. Артынша өзіңе бекітілген ауданның маршрутын алып, күні бойы Астана тазалығын сақтау жолында еңбек етуге кірісесің. Бұл – күнделікті айналып келіп жатқан жұмыс. Тоқтатуға болмайды. Мысалы, жолда майда қиыршық тас жатыр дедік. Оны сыпырып, арнайы шаңсорғышпен тартып алмасаң, ол көлік ағыны көп Астанада әрлі-берлі ұшып, кейбір жеңіл көліктердің алдыңғы әйнектеріне зақым келтіріп те жатады. Міне, осындай кішкентай нәрсенің өзі үлкен мәселеге әкелмес үшін күнітүні еңбектенуге тура келеді» дейді Дәулет.


ЖАС БУЫН ҚЫЗЫҒЫП КЕЛЕДІ

Бүгінде «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында түрлі шаралар легі жүріп жатқаны белгілі. Бір ғана мысал, Астанадағы техникалық оқу орнында оқып жүрген студенттер түрлі өндіріс пен кәсіпорынның ішкі жұмысын көруге жиі аялдап жүр. Әсіресе өз мамандығына қатысы бар ортаны көруге ұмтылған жастар легі көп. Техникалық мамандықтарға жас буынның ынтасын арттыруға басты себеп те атаулы жылға арналған қолдау мүмкіндіктері еді.

«Қыста «Астана Тазалық» кәсіпорнында қаланың бір топ жастары болды. Елордадағы Жоғары көлік және коммуникация колледжінде оқитын олар кәсіпорын күнделікті қызметімен және саладағы жұмысшы мамандармен танысты. Өйткені мекеменің қала тазалығын сақтауда ерекше рөлі бары белгілі. Сондай-ақ қаладағы №28 мектеп-лицейдің 9-сынып оқушыларына да «Ашық есік» күнін өткіздік. Ал келген болашақ мамандарға кәсіпорынның арнайы техникалары мен диспетчерлік қызметтің жұмысы көрсетілді. Қала әкімдігі мен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бастамасымен өткен арнайы экскурсияда заманауи тазалық техникаларының жұмысын айтып бердік. Бұған қосымша келген студенттер мен оқушылар келешекте жұмыс істейтін мамандығына қатысты біздің қызметкерлерден кеңес алып, пікірлесті» дейді серіктестіктің ресми өкілі Қымбат Бақыткелді.

Қымбаттың айтуынша, ұжым жұмысымен танысуға келген иелеріне тазалықшы қызметкерлерден бөлек, көлік жүргізушілер, механиктер және диспетчерлердің қызметі көрсетілген. Күнделікті жүргізушілерге арналған медицина тексерісі, көліктердің жұмысқа жарамдылығына рұқсат беру, тазалық аймағына қатысты жол жүру бағдары, сондай-ақ қажетті техникалардың түрлері мен жабдықтар туралы да мол мәлімет беріліпті.





ЧИП – КҮШ ПЕН ҚАУІПТІҢ СИМВОЛЫ

ҮСТЕМДІК ҮШІН ТАРТЫС

Соңғы жылдары Қытайдың чип экспорты жылдан жылға өсіп келеді. 2024 жылы бұл көрсеткіш 159,5 миллиард долларға жетіп, 17,4% өскен. Ал АҚШ оны ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп деп санайды. Өйткені АҚШ-тың көзқарасы бойынша, Қытай егер жоғары деңгейлі чиптерді өз бетінше өндіре алатын жағдайға жетсе, бұл оның әскери және барлау жүйелерінде тәуелсіздікке қол жеткізіп, АҚШ-пен тең дәрежеде үзеңгі қағыстыратын өреге жетеді де, АҚШ-тың әлемдегі ықпалын әлсіретеді.

Өткен аптада АҚШ Өкілдер палатасындағы Қытай Коммунистік партиясымен стратегиялық бәсеке жөніндегі арнайы комитет төрағасы, республикашыл Джон Муленар осы аптада АҚШ Сауда өкіліне Қытайда өндіріліп, кейін АҚШ-қа әкелінетін соңғы өнімдерге өндірілген барлық чиптерге арнайы баж салығын салуды ұсынды. Бұл пікірін ол 2024 жылдың 11 наурызында АҚШ Сауда өкілдігі (USTR) өткізген тыңдау жиналысында да айтқан болатын. Сондай-ақ ол Қытайға тәуелді болмайтын сенімді ішкі чип өндірісін құруды; Қытайдың субсидияланған чиптерін жаһандық нарыққа демпинг арқылы таратпау үшін Жапония, Оңтүстік Корея, ЕО және Тайваньмен тығыз әріптестік орнатуды ұсынды.

Қазір АҚШ-та Қытай чиптеріне қатысты тергеу-тексеру жүріп жатыр. Қытай чиптерінің нақты қатерін анықтауға бағытталған бұл тексеру 2024 жылдың желтоқсанында басталған. Тергеу дәстүрлі чип өндірісіне және ол қолданылатын қорғаныс, көлік, медицина, авиация, телекоммуникация, энергетика сынды маңызды салалардағы көмескі қатерін анықтауға бағытталған. Зерттеу сондай-ақ Қытай үкіметінің іс-әрекеттері мен саясатының карбид кремний (SiC) негізіндегі пластиналар өндірісіне, АҚШ бизнесіне «қисынсыз шектеу қойып, ауыртпалық түсіретін немесе шектеу қоятын» салдарлар әкелу-әкелмейтінін алдын ала бағалайды. Қазіргі таңда көптеген электр көліктері, оларды қуаттау инфрақұрылымдары мен күн энергиясы жүйелері карбид кремнийді барған сайын кеңінен қолдануда.

Егер USTR 301 тергеуі Қытайдың жартылай өткізгіш өнімдерінің экспорты АҚШ экономикасы мен ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді деп шешсе, Трамп әкімшілігі Қытай чиптеріне еселеп тариф енгізуі мүмкін. Қазіргі таңда АҚШ Қытайда өндірілген жартылай өткізгіш чиптерге 60% кедендік тариф енгізген.

ДАУДЫҢ ГЕОСАЯСИ АСТАРЫ

АҚШ-тың Қытаймен «чиптер соғысы» екі бағытта жүріп жатыр:

Қазір шиеленісіп тұрған сауда соғысының басты себебі АҚШ пен Қытай арасындағы технологиялық үстемдікке талас екені айтпаса да түсінікті. Өйткені чип өндірісі – бәсекенің ең негізгі өзегі, барлық заманауи технологияның (смартфон, автокөлік, әскери техника, AI жүйелері) жүрегі. Екінші тұрғыдан, жаһандық жартылай өткізгіш (чип) нарығының жылдық құны 6000 миллиард АҚШ долларынан асады және ол триллион долларлық электронды өндіріс тізбегін алға сүйрейді. Кім осы негізгі технологияны бақыласа, сол пайда бөлудің тізгінін ұстайды әрі жаһандық жабдықтау желісінің жетекшілігін қолға алады.

Бір жағынан, АҚШ одақтастарымен бірлесе отырып, Қытайға жетілдірілген чиптер мен озық технологиялардың экспортын шектеуде. Бұл чиптер суперкомпьютерлер, жасанды интеллект, кванттық есептеу саласында қолданылады. Екінші жағынан, Қытай ескі буындағы чип өндірісінде (28 нанометрден жоғары) көш бастап келеді. Олар тұрмыстық техникадан бастап әскери техника мен автокөліктерге дейін кеңінен қолданылады.

АҚШ бұл саладағы Қытай жетістігін үкімет саясатының нәтижесі деп санайды және оны нарықтық демпингпен басып қалу қаупі ретінде бағалайды. Strand Consult вице-президенті Рослин Лейтон «Пандемия кезінде біз барлық чиптің маңызды екенін түсіндік, егер жад чипі болмаса, көлік те, басқа техника да жасай алмайсың. Егер Қытайды басты қарсылас деп білсек, чип саудасын толықтай тоқтату керек» дегенді алға тартса, Pamir Consulting компаниясының сарапшысы, әскери барлау маманы Джеймс Мулвенон «Қытай бұл саланы монополияласа, ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төнеді. Себебі Қытайдағы жетекші чип компанияларының қорғаныс саласымен байланысы өте күмәнді» деп санайды. CSIS сарапшысы Джеймс Льюис болса, «АҚШ-та сатылатын смартфондардағы чиптердің төрттен үші Қытайдан келеді. Қосымша баж салу Бейжіңге соққы болар, бірақ бұл Qualcomm мен Apple-ге де зиян. Бұл дұрыс қадам емес» деп отыр. Алайда АҚШ-тың импорттайтын чиптерінің ішінде Қытайда өндірілгендерінің үлесі онша жоғары емес. Сауда деректерін жинақтайтын ОЕС сайтының статистикасына сүйенсек, 2023 жылы АҚШ-тың негізгі чип импорттаушы елдері – Вьетнам, Таиланд, Малайзия, Камбоджа және Үндістан болған.

Сент-Луис Федералды резерв банкінің дерегі бойынша, 2008-2018 жылдар аралығында АҚШ-тың Қытаймен чип саудасы теріс сальдо көрсеткен. Алайда 2020 жылдан бастап жағдай өзгеріп,

АҚШ-тың Қытайға чип экспортынан түскен табысы Қытайдан импортталған чиптер көлемінен асып түсті. BIS жүргізген зерттеу мәліметтері бойынша, Қытайдың жетілген технологиялық процесімен (mature process) жасалған чиптер қолданылған өнімдер АҚШ нарығының төрттен үш бөлігін қамтиды. Дегенмен, бұл өнімдердің ішіндегі Қытай чиптерінің құндық үлесі небәрі 1.3%, ал сандық үлесі – 2.8% ғана.

«Albright Stonebridge Group» компаниясының сарапшысы Триэллоның пікірінше, Қытай чиптері бар «құрамдас бөліктерге» (компоненттерге) қосымша тариф енгізу – «іске асыруы өте күрделі, шығынды арттыратын, әрі түпкі мақсаты түсініксіз» шара болмақ. «Қытайдың жетілген техпроцеспен (mature node) жасалатын жартылай өткізгіштерінің өндірістік қуатының басым бөлігі – соңғы ондаған жылдар бойы импортқа қатты тәуелді болып келген ішкі нарықтың сұранысын өтеуге бағытталған. АҚШ енгізіп жатқан кедендік баж салықтары Қытайдағы жартылай өткізгіш өндіруші кәсіпорындардың ішкі нарыққа қызмет көрсету мүмкіндігіне әсер ете алмайды» дейді ол.

ТАЙВАНДЫ ТІРЕК ЕТІП, ҚЫТАЙДЫ ТЕЖЕУ

Сонымен қатар Вашингтон Қытай чиптері тыңшылық немесе кибершабуылдарға пайдаланылуы мүмкін деп санап, Huawei мен SMIC сынды компанияларға санкциялар салды. Тайвань арқылы әлемдік чип өндірісін бақылап отырған АҚШ Қытайдың бұл салада күшеюін шектеуге тырысуда. Қазіргі таңда әлемдегі ең ірі чип (жартылай өткізгіш) өндіруші ел – Тайвань. TSMC (Taiwan Semiconductor Manufacturing Company) – әлемдегі ең ірі чип өндіруші және көптеген жетекші технологиялық компанияларға жоғары технологиялы микрочиптер жеткізеді. Былайша айтқанда, әлемге қажетті чиптердің шамамен

60%-ы Тайванды өндірілсе, ең озық, жоғары технологиялы чиптердің 90%-дан астамы Тайваньның TSMC (Taiwan Semiconductor Manufacturing Company) компаниясына тиесілі. Ал Тайваньнан кейінгі ірі өндіруші елдер қатарына Оңтүстік Корея (Samsung Electronics, SK Hynix), АҚШ (Intel, GlobalFoundries, Micron), Қытай (SMIC – әзірге технологиялық жағынан артта) Жапония және Сингапур кіреді.

TSMC – АҚШ-тың басты серіктесі. Бұған дейін АҚШ Тайваньды Қытайдың ықтимал шабуылынан қорғауға дайын екенін бірнеше рет мәлімдеді. Себебі Тайваньдағы чип өндірісі бүкіл әлем экономикасы үшін аса маңызды. Егер Тайвань Қытайға тәуелді болса, онда АҚШ-тың техникалық тұрғыдан көшбасшылық орны да теңселеді. Сосын да екі қолды дайындыққа көшкен АҚШ соңғы жылдары TSMC-ті өз территориясында зауыт ашуға үгіттеді. Нәтижесінде TSMC 2020 жылы Аризона штатында \$40 миллиардтық инвестициямен чип зауытын сала бастады. Бірақ бұл зауыт әзірге тек 5 нм және одан жоғары технологиямен жұмыс істейді, ең озық чиптер әлі де Тайваньда жасалады.

Қорыта айтқанда, АҚШ пен Қытай арасындағы «чиптер соғысы» – тек сауда мен экономика емес, технологиялық үстемдік пен ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналған жаһандық бәсеке. АҚШ Қытайдың жартылай өткізгіштер нарығында күшеюін стратегиялық қауіп деп бағалап, түрлі шектеулер мен тарифтер енгізіп жатыр. Ал Қытай өз кезегінде ішкі өндірісті күшейтіп, жаһандық нарықтағы орнын кеңейтуге күш салуда. Бұл текетірестің өрши түсуі жаһандық жеткізу тізбегіне, электронды индустрияға және геосаяси ахуалға үлкен әсер ететіні анық. Сондықтан алпауыттар арасындағы бұл текетірес технологиялық жаңа әлемдік тәртіптің алғышарты болуы да мүмкін. Салдарынан әлем Қытай мен АҚШ-тың екі түрлі техно-лагеріне бөлінуі мүмкін. Бұл ғаламдық стандарттардың, жүйелердің үйлесімсіздігіне әкеліп, халықаралық серіктестікке кедергі келтіруі ықтимал. Екінші тұрғыдан алғанда, чип өндірісі баяуласса, техника, көлік, тұрмыстық заттар қымбаттайды. Бұл жалпы инфляцияны үдетіп, халықтың сатып алу қабілетін төмендетеді. Ал Қазақстан Қытаймен де, АҚШ-пен де сауда жасайды. Қайта-қайта салынатын санкциялар мен шектеулер осы саудаға жанана кедергі келтіріп, логистикалық шығындарды еселеп арттыруы мүмкін.

Бетті дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ



ЖАҢАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

КЕЛІСІМГЕ КЕЛЕ МЕ?

Каирде Газа секторындағы оқ атуды тоқтату бойынша келіссөз өтті. Оған Мысыр мен Қатар мұрындық болған. «ХАМАС» та өз өкілдерін жіберді.



Бұған дейін Израиль атысты тоқтату туралы ұсыныс жіберген еді. Мысыр бұл ұсынысты «ХАМАС»-қа табыстады. Енді олар жауап беруге тиіс. Палестиналық қозғалыс тұтқындағы израильдіктерді босатуға дайын. Бірақ бұл үшін Израиль жүздеген палестиналық тұтқынды босатып, Газа секторына гуманитарлық көмек жеткізуге кедергі жасамауы керек. Жақында Тель-Авив көшелеріне мыңдаған израильдік шықты. Олар Газа секторындағы тұтқында отырған отандастарын босатуды және қақтығысты тоқтатуды талап етіп жатыр. BBC ақпараты бойынша «ХАМАС» түрмелерінде әлі 59 израильдік қамауда отыр.

АЛТЫН ҚЫМБАТТАП БАРАДЫ

Алтынның қор биржасындағы бағасы рекордты деңгейде қымбаттады. Қазір асыл металдың унциясы 3 280 доллардан асқан. Бұған АҚШ жариялаған тарифтер себеп.



Экономистер «Алтын – инвесторлар үшін әлі де қауіпсіз актив» дейді. Оның бағасы жыл басынан бері 18 пайызға өскен. Goldman Sachs сарапшыларының болжамы бойынша құнды металл жыл аяғына қарай 3 300 долларға қымбаттауы мүмкін.


ҰЛЫБРИТАНИЯ УКРАИНАҒА НЕСИЕ БӨЛДІ

Ұлыбритания Украинаға әскери техника сатып алуға 752 миллион фунт стерлинг (шамамен 991 миллион доллар) көлемінде несие бөлді.



Бұл қаражат әуе қорғаныс жүйелерін, артиллерия жабдықтарын, техника жөндеуге қажет бөлшектер сатып алуға жұмсалмақ. Несие Еуроодақта бұғатталған Ресей активтерінің кірісі есебінен өтелетін болады.

Бұл қаражат Киевке үш траншпен беріледі: біріншісі 6 наурызда, екіншісі 14 сәуірде берілді, ал үшіншісі 2026 жылы берілмек.



№444 (4788) 17/04/2025 Бейсенбі

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ		
<i>Астана қаласы</i>	<i>08.04.2025</i>	<i>№01-7</i>

Астана қаласы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 23-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес Астана қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Астана қаласының аумағында осы шешімге 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7-қосымшаларға сәйкес сайлау учаскелері құрылсын.
- Осы шешімге 8-қосымшаға сәйкес Астана қаласы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
- «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:
 - осы шешімнің Астана қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
 - осы шешім ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
 - Осы шешімнің орындалуын бақылау «Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.
 - Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі	Ж. Қасымбек
<i>Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Астана қаласының Әділет департаменті Нормативтік құқықтық актіі 11.04.2025 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 1409-01 болып енгізілді.</i>	

<i>Астана қаласы әкімінің 2025 жылғы 8 сәуірдегі № 01-7 шешіміне 1-қосымша</i>
--

Астана қаласы «Алматы» ауданының сайлау учаскелері

№ 1 сайлау учаскесі

(орталығы – «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Қажымұқан көшесі, № 13)
Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 2, 2А, 4/2, 4/4, 6/1, 6/2, 6/3, 6/4, 6/5, 12/2, 14/1, 14/2 үйлер, Қажымұқан көшесі, № 15 үй.

№ 2 сайлау учаскесі

(орталығы – «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Студенттер үйі, М. Жұмабаев даңғылы, № 14)
Шекарасы: М. Жұмабаев даңғылы, № 11, 12, 12А, 12/1, 14, 16, 16/1, 16/2, 16/3, 18 үйлер, Ж. Жирентаев көшесі, № 10 үй, А. Петров көшесі, № 26, 26/1, 28/1, 32/1, 32/2 үйлер.

№ 3 сайлау учаскесі

(орталығы – «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Студенттер үйі, М. Жұмабаев даңғылы, № 14/1)
Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 16, 16/1, 18, 20, 20А, 20Б, 23, 24, 25, 25/1, 25/2, 26, 26/1, 27/1 үйлер, М. Жұмабаев даңғылы, № 2, 4, 4/2, 4Б, 6, 14/1 үйлер.

№ 4 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Мұстафа Шоқай атындағы № 51 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Аманат көшесі, № 5)
Шекарасы: Шашу орамынан М. Жұмабаев даңғылының тақ сандар жағымен Б. Момышұлы даңғылына дейін, Б. Момышұлы даңғылының тақ сандар жағымен Қ. Сәтбаев көшесіне дейін, Қ. Сәтбаев көшесінің жұп сандар жағымен Б. Майлин көшесіне дейін, Б. Майлин көшесінің жұп сандар жағымен Әбуабдулло Рудаки көшесіне дейін, Әбуабдулло Рудаки көшесінің тақ сандар жағымен Шашу орамына дейін, Шашу орамының жұп сандар жағымен Қосбасар орамындағы № 2, 2А үйлерді, Манатау көшесіндегі № 2, 2/1, 4, 4/1 үйлерді, Қ. Сәтбаев көшесіндегі № 16/1, 16/2, 16/3, 18 үйлерді, Б. Майлин көшесіндегі № 16/2, 16/3, 16/8, 16/9, 16/11 үйлерді қоспағанда, М. Жұмабаев даңғылына дейін.

№ 5 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Б. Майлин көшесі, № 12)
Шекарасы: Б. Майлин көшесі, № 14 үй, Қ. Сәтбаев көшесі, № 19, 19/1, 21, 23, 23/1, 23/2, 25, 29/1 үйлер.

№ 6 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Б. Майлин көшесі, № 12)
Шекарасы: Б. Майлин көшесі, № 8 үй, Тәуелсіздік даңғылы, № 34/1, 34/2, 34/9, 34/10 үйлер, Қ. Сәтбаев көшесі, № 25/1, 29П үйлер.

№ 7 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Б. Майлин көшесі, № 12)
Шекарасы: Б. Момышұлы даңғылы, № 13А, 13/1, 13/2, 13/3, 15А, 15/2, 15/3, 17, 17/2, 19, 19/1, 19/2 үйлер.

№ 8 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 28 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Петров көшесі, № 8)
Шекарасы: Қажымұқан көшесі, № 2, 4 үйлер, Тәуелсіздік даңғылы, № 4/1, 4/3, 6/1, 6/2, 6/3, 8, 12, 12/1, 12/2, 14, 14/1, 14/2 үйлер, А. Петров көшесі, № 2, 2/1, 4 үйлер.

№ 9 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 28 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Петров көшесі, № 8)
Шекарасы: А. Петров көшесі, № 5, 5/2, 7, 7/1, 9, 10, 10/1, 12, 12/1, 12/2, 12/3, 14, 14/1, 14/2, 14/3 үйлер, күйші Дина көшесі, № 3/1, 7 үйлер.

№ 10 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қажымұқан көшесі, № 9)
Шекарасы: Қажымұқан көшесі, № 6, 6/1, 8, 8/1, 10/1, 12, 12А, 12Б, 12В үйлер, Қ. Сәтбаев көшесі, № 1, 1/1, 4, 4/1, 6 үйлер, А. Петров көшесі, № 1, 1/1, 3 үйлер.

№ 11 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 30 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Петров көшесі, № 11)
Шекарасы: Қ. Сәтбаев көшесі, № 3, 3/1, 5, 7, 7/1, 8, 9, 10 үйлер, А. Петров көшесі, № 5/3, 17, 17/1, 19, 19/1, 21/2, 21/3 үйлер.

№ 12 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 30 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, А. Петров көшесі, № 11)
Шекарасы: Қ. Сәтбаев көшесі, № 9/1, 11, 11/1, 11/2, 11/3, 11/4, 11/5, 13, 13/3, 15 үйлер, А. Петров көшесі, № 9/1, 13, 16, 16/1, 16/2, 16/3, 18/1, 20 үйлер, күйші Дина көшесі, № 11/1, 13, 15 үйлер.

№ 13 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 22 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Жирентаев көшесі, № 16)

Шекарасы: Қажымұқан көшесі, № 22/1, 26, 28 үйлер, Ж. Жирентаев көшесі, № 9, 13, 14, 20, 20/1 үйлер, М. Жұмабаев даңғылы, № 1, 3, 3/1, 5 үйлер, А. Петров көшесі, № 23/2 үй.

№ 14 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 22 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ж. Жирентаев көшесі, № 16)

Шекарасы: М. Жұмабаев даңғылы, № 5/1, 5/2, 7, 7/1, 9, 9/1, 9/2 үйлер, А. Петров көшесі, № 23, 23/1, 30/1, 31/1, 32 үйлер.

№ 15 сайлау учаскесі

(орталығы – «Еуразия гуманитарлық институты» жоғары білім беру мекемесі, М. Жұмабаев даңғылы, № 4А)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 28, 29/1, 30, 32/1, 32/2, 33, 36, 36А, 38 үйлер, күйші Дина көшесі, № 31, 33 үйлер, М. Жұмабаев даңғылы, № 16/4, 18/1 үйлер, М. Төлебаев көшесі, № 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 19 үйлер, VIP-қалашық, № 1, 2, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 24, 28, 36, 37 үйлер.

№ 16 сайлау учаскесі

(орталығы – «Астана» халықаралық университетінің педагогикалық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, І. Жансүгірұлы көшесі, № 4)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 11/3, 11/4 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 2, 2А, 2/1, 2/2, 2/4, 2/6, 2/7, 4, 4/3, 4/4 үйлер.

№ 17 сайлау учаскесі

(орталығы – «Астана» халықаралық университетінің педагогикалық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, І. Жансүгірұлы көшесі, № 4)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 3, 3/1, 4, 5А, 5/1, 5/2, 5/3, 6, 9, 9/1, 9/2, 10, 11, 11/1, 11/2, 12, 12/1, 14 үйлер.

№ 18 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 32 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Абылай хан даңғылы, № 25/3)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 17, 17А, 17Б, 17/1, 19, 19/1, 19/2, 19/3, 19/4, 21 үйлер, І. Жансүгірұлы көшесі, № 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 6/1, 6/2, 8/3, 10, 10/1, 10/2 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 8, 10, 12, 14, 16, 18 үйлер.

№ 19 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 32 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Абылай хан даңғылы, № 25/3)

Шекарасы: Манас көшесінен Ш. Құдайбердіұлы даңғылының тақ сандар жағымен Есіл өзенінің жағалауына дейін, Есіл өзенінің жағалауы бойымен теміржол төсеміне дейін, теміржол төсемімен Манас көшесіне дейін, Манас көшесінің тақ сандар жағымен Манас көшесіндегі № 13, 13/1, 13/2, 15 үйлерді, Ш. Құдайбердіұлы даңғылындағы № 20, 22, 22/1, 24, 24/1 үйлерді қоса алғанда, Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін.

№ 20 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Сырбай Мәуленов атындағы № 37 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, күйші Дина көшесі, № 44/3)

Шекарасы: Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 27, 27/1, 27/2, 27/3, 29, 29а, 31/1 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 19/2, 19/3 үйлер.

№ 21 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Сырбай Мәуленов атындағы № 37 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, күйші Дина көшесі, № 44/3)

Шекарасы: Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 11/2, 11/3, 17, 19 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 30, 30/1, 32, 36, 36/1, 36/2, 36/3 үйлер, күйші Дина көшесі, № 46/3 үй.

№ 22 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Сырбай Мәуленов атындағы № 37 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, күйші Дина көшесі, № 44/3)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 33, 35, 37, 37/1, 39, 41, 41/1, 41/2, 43, 43/1 үйлер, күйші Дина көшесі, № 36, 36/1, 36/2, 36/3, 38, 40, 40/1, 42, 44, 44/1 үйлер.

№ 23 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әлімхан Ермеков атындағы № 38 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Қ. Мүсірепов көшесі, № 8/2)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 47, 49, 49/1, 49/2, 49/3, 51 үйлер, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 1, 5, 5/1, 5/2, 7, 7/1 үйлер, Қ. Рысқұлбеков көшесі, № 4/2, 4/3, 4/4 үйлер.

№ 24 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әлімхан Ермеков атындағы № 38 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 8/2)

Шекарасы: Ғ. Мүсірепов көшесі, № 2, 2/1, 2/2, 4, 6, 6/1, 6/2, 7/3, 9, 10, 10/2, 10/3, 12, 14, 14/1 үйлер, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы, № 40, 42, 44, 46 үйлер, Абылай хан даңғылы, № 55/1 үй.

№ 25 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әлімхан Ермеков атындағы № 38 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 8/2)

Шекарасы: Абылай хан даңғылы, № 55, 57, 57/1, 57/2, 59, 59/1 үйлер, Ғ. Мұстафин көшесі, № 1, 1/1, 1/2, 1/3, 3, 3/1, 3/2, 3/3, 5, 5/1, 7, 7/1, 7/2, 9 үйлер, Ғ. Мүсірепов көшесі, № 4/2, 6/3, 6/4 үйлер.

№ 26 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Бейімбет Майлин атындағы № 52 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Бурабай көшесі, № 38)

Шекарасы: Ертіс көшесінен Қозыбасы көшесінің тақ сандар жағымен Ақарыс көшесіне дейін, Ақарыс көшесінің тақ сандар жағымен Ш. Құдайбердіұлы даңғылына дейін, Ш. Құдайбердіұлы даңғылының тақ сандар жағымен Ғ. Мұстафин көшесіне дейін, Ғ. Мұстафин көшесінің жұп сандар жағымен теміржол төсеміне дейін, теміржол төсемімен Ертіс көшесіне дейін, Ертіс көшесінің тақ сандар жағымен Қозыбасы көшесіне дейін.

№ 27 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «№ 29 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Железнодорожный» тұрғын алабы, Г. Горький көшесі, № 22)

Шекарасы: А105 көшөден «Астана – Қарағанды» тас жолының тақ сандар жағымен айналма тас жолына дейін, айналма тас жолымен А1 көшеге дейін, А1 көшөмен Маймекен көшесіне дейін, Маймекен көшесімен № 211 көшеге дейін, № 211 көшөден Керегетас көшесіне дейін, Керегетас көшесімен Көкжазық көшесіне дейін, Көкжазық көшесінен Екібастұз көшесіне дейін, Екібастұз көшесінің тақ сандар жағымен «Астана – Қарағанды» тас жолына дейін.

№ 28 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, «Железнодорожный» тұрғын алабы, Ж. Жабаев көшесі, № 14)

Шекарасы: теміржол төсемінен Ж. Жабаев көшесіне дейін, Ж. Жабаев көшесінің жұп сандар жағымен Екібастұз көшесіне дейін, Екібастұз көшесінің жұп сандар жағымен Ащысай көшесіне дейін, Ащысай көшесінің тақ сандар жағымен Екібастұз көшесіне дейін, Екібастұз көшесімен Маймекен көшесіне дейін, Маймекен көшесімен Ақжол даңғылына дейін, Ақжол даңғылынан теміржол төсеміне дейін.

№ 29 сайлау учаскесі

(орталығы – Астана қаласы әкімдігінің «Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, күйші Дина көшесі, № 6)

Шекарасы: Тәуелсіздік даңғылы, № 16, 21, 21/4, 21/5, 21/6, 21/9 үйлер.

№ 30 сайлау учаскесі

